

Балдырған
ертегі

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы

Тақырыбы: «Әжемнің ертегісі»

Өткізген: Атай Ә.Қ

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Тақырыбы: «Әжемнің ертегісі»

Күні: 13.11-17.11.2023

Қатысқандар саны: 1

Мақсаты: балалардың сөздік қорын, тіл байлығын қалыптастыру. Сондай-ақ ертегіні білуге, әңгімелеуге ғана үйретіп қоймай, балалардың эстетикалық талғамын, білімін, сөйлеу нақышын, қызығушылығын арттыру.

Шарты: біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілген «Әжемнің ертегісі» атты байқауына әжесі мен немересінің арасындағы қарым-қатынасты байланыстыру.

«Ақбота» тобы

Қатысқан: Айтқалиева Асылым

Әжесі: Орынбасарова Несібелі.

Өткізген: Атай Ө.Қ

Бекетесі
18/11

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы

Тақырыбы: Ою ойганның ойы ұшқыр»

Өткізген: Жалғасбаева Т.Н

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Тақырыбы: «Ою ойғанның ойы ұшқыр»

Күні: 13.11.- 17.11.2023ж.

Қатысқандар саны: 5

Мақсаты: Бала өмір жалғасы халықтың мұрагері, әже мен ана тәрбиесінің бала өмірінде алатын орны. Қазақтың ұмытылып бара жатырған салт дәстүрлерін кішкентай бүлдіршіндердің бойына сіңіріп тәрбиелеу.

Шарты: 13.11.- 17.11.2023ж аралығында «Балапан» тобында «Ою ойғанның ойы ұшқыр» тақырыбында онлайн байқау өткізілді. Байқаудың шарты анасымен, әжесімен бірлесе отырып ою ойып үйрену арқылы ұлттық бұйымдар жасау.

Тізімі:

1. Ыбырай Амира әжесі Иманиязова Шолпан
2. Мұратбекова Айару әжесі Байнақова Күнзипа
3. Қайыржан Мұрагер әжесі Умирбаева Марика
4. Ұзақбай Кәусар анасы Гүлдәрия Нұраш
5. Базарбай Азима анасы Барсаева Индира

Өткізген: Жалғасбаева.Т.Н.

Бекітілген
2023/24

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Ата-анамен семинар
Тақырыбы: «Бала тәрбиесі
баршамызға ортақ.»

Өткізген тәрбиешілер: Абдигалиева А.С

Атай Ә.Қ

2023-2024

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Ойын баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ойшылы Абай Құнанбаев.

«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болама?»-деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын барысында балалар дүниені таниды, өзінің күш жігерін жұмсап, адамдармен араласуға үйренеді.

Балаларда қолданылатын ойындарды ата-аналармен жүргізе отырып, ұйымдастырылған оқу-әрекетінде қолданатын ойындарды көрсетіп, бірге ойната отырып бірлесіп жұмыс жасауға үйрету.

Құрметті ата-аналар бүгінгі дөңгелек үстел жиынымызға қош келіпсіздер!

Бүгінгі жиынымыздың тақырыбы «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыбында өрбімек.

Біздің мақсатымыз күнделікті ұйымдастырылған оқу -іс әрекетінде қолданатын ойындарды сіздермен бірге ойнап көрмекпіз. Ойналатын ойындарымыз сегіз бөлімнен тұрады. Берілген тапсырманы тиянақты, бар ықыластарыңызбен орындап бірге қатыса отырсаңыздар.

1. Шаттық шеңбер: Алақанды ашайық

Күннің нұрын салайық

Таза ауадан салайық

Жүрек жылуын салайық

Жиналған осы шуақты

Достарымызға шашайық

2. «Мақал-мәтел» «Кім жүйрік?»

Мазмұны: Ата-аналарға дара жазылған әріптер таратылып беріледі, сол әріптерден шапшаң қимылдап мақалдар құрап шығару керек.

3. «Ертегіні тауып айт»

Барысы: Алдын ала дайындалған ертегі жинақтарынан ертегіні естеріне түсіру арқылы ертегіні тауып айту. «Жеті лақ» ертегісін сахналау.

4. Сергіту сәті: «Бала бала балақан»

5. «Актерлік шеберлігімізді байқайық»

Мазмұны: Ортаға екі ата-анадан шығарып, оларға көрсетпей бастарына аң немесе жануардың бейнесі бейнеленген масканы кигіземіз. Оған қарсы тұрған ойнаушы оның басындағы аңды қимылмен көрсете білуі керек.

6. «Қысқы пейзаж»

Барысы: қысқы көріністі әртүрлі әдіс арқылы салып үйрену

7. Саусақ жаттығуы «Он тышқан»

8. Қимылды ойын: «Айдарлы тауық»

Барысы: Ерітіп сары балапандарын

Айдарлы әсем шықты тауық

Кетпендер ұзап балапандарым

Қыт-қыт дейді ауық - ауық

Балапандарым шөп жеңдер, су ішіндер жайылындар бірақ абай болындар тарғыл мысық сендерді аңдып ұйықтап жатыр жеп қоймасын, сол мезетте мысық ұйқысынан ойанып балапандарға тарпа бас салады.

9. «Менің балам қандай?»

Барысы: Ана өз баласының бойындағы жақсы қасиеттерді жазып жүректен жүрекке жапсырып айтуы керек.

Тәрбиеші: Ата-аналар бүгінгі ұйымдастырылған «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» тақырыбында өткен жиынан алған әсерлеріңіз.

Алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет.

Отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін.

Білімнің
жолы

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

**Тақырыбы: «Бала тәрбиесі балабақшадан
басталады»**

Ата-анамен семинар

Өткізген тәрбиешілер: Жалғасбаева Т.Ж

Досбергенова А.А

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалар айналасындағы қоршаған ортаны білуге құштар. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты – балада» деген екен. Адам өмірінің мәні – өз ұрпағы.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн.

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі «Балапан» тобының «Бала тәрбиесі балабақшадан басталады» тақырыбындағы дөңгелек үстел семинарымызға қош келдіңіздер!

Біздің мақсатымыз күнделікті ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде қолданатын ойындарды сіздермен бірге ойнап көрмекпіз.

Ата-аналармен топқа саяхат: бес саланы таныстыру.

1. Сәлемдесу. «Бір қадам» ізімен өз балаларының жақсы қасиеттерін айтып кіру

2. «Көз жанарынан тану» әр ата-ана өз баласын көз жанары арқылы табу.

Ата-аналарды топтағы бес сала бойынша жабдықталған дамытушы ойындарымен таныстыру.

3. Қимылдық ойын: «Жұбынды тап» ойыны

Мазмұны: түрлі түсті қолғаптарды киіп музыка әуенімен би билеп, әуен тоқтаған кезде өз түстеріне байланысты қолғаптарымен жұптасады.

4. Сергіту сәті «Оркестр» Музыка ырғағымен билеу

5. «Бейне құрау»

Мазмұны: Ата-аналармен топтық жұмыс тапсырмалар орындалды. Қиылған ұсақ қағаздардан белгілі бір бейне құрау.

6. «Шалқан» ертегісі

Мазмұны: ата-аналар қолғап театры арқылы ертегіні сахналады

Ата-аналар бүгінгі ұйымдастырылған «Бала тәрбиесі Балабақшадан басталады» атты дөңгелек үстеліміз аяқталды.

Балдырған
«Балдырған» бөбекжай –балабақшасы

«Атаммен өткізген қызықты сәт»

(видео байқау)

Өткізген: Абдигалиева А.С

Досбергенова А.А

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Тақырыбы: «Атаммен өткізген қызықты сәт»

Күні: 20.11. - 24.11.2023 ж

Қатысқандар саны: 6

Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағадарламасы аясында балаларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеу мақсатында атасы немересінің бойына еңбекқор, адал, саналы азамат болуға тәрбиелеу.

Шарты: 20.11. - 24.11.2023 ж аралығында «Ақбота», «Балапан» топ арасында «Атаммен өткізген қызықты сәт» атты онлайн байқау өткізілді. «Ақбота» тобынан үш ата-ана, «Балапан» тобынан екі ата-ана белсенділік танытты.

Тізімі: «Балапан» тобы

1. Ұзақбай Кәусар атасы Нургалиев Узакбай Нурашвич
2. Марат Раушан атасы

«Ақбота» тобы

1. Ақылбаев Өркен атасы Байдышев Ақылбай
2. Жайық Жанайым атасы Бекежанов Дәурен
3. Токтасын Әлинұр атасы Минашбаев Токтасын Есболсынұлы

Өткізген: Абдигалиева А.С., Досбергенова А.А.

Бекітілген
2023

«Балдырған» бөбекжай – балабақшасы

«Бизиборд» дамытушы үйшіктер дайындау

Өткізген: Жалғасбаева Т.Н

Атай А.Қ

2023-2024 оқу жылы

Анықтама

Тақырыбы: «Бизиборд» дамытушы үйшіктер дайындау. Ата-анамен байқау.

Күні: 22.01-26.01.2024

Мақсаты: балалардың сенсорлық ой-қиялын, қол ұсақ моторикасын дамыту.

Шарты: біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында әкесі мен балалар арасында дамытушы үйшіктерін жасады.

Тізімі: Ақылбаев Өркен

Сәбитов Оразалы

Өткізген: Жалғасбаева Т.Н

Атай Ә.Қ

Ресмиісін
берілді

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боласың»
Спорттық сайыс

Өткізген: Абдигалиева А.С

Атай Ә

2023-2024

Сабақтың мақсаты: Балаларға дене шынықтырудың пайдасын, адамының дені сау сергек болуына көмектесетінін түсіндіру. Сәбилерге көтеріңкі көңіл күй қалыптастыру. Түрлі спортты құралдарды қолданудағы тепе – теңдікті сақтау, икемділік кеңістікті бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Шынықтыру жаттығуларына қимылды ойындарға сайыстың шарттарына деген қызығушылықтарын арттыру,

Шаттық шеңбері: Біз бақытты баламыз,

Шынығада аламыз.

Сәулетті елдің көгінде,

Шамшырақ болып жанамыз.

Тәрбиеші: Кайырлы күн! Балабақша қонақтары, спорт сүйер қауым.

Шынықсаң шымыр боласың,

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңайма,

Арман болған талайға.

Болмасаңда ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп қалайда

Балалар бүгінгі біздің сайсымыздың ерекшелігі тақырыбымызға байланысты көңілді кеглилермен ғана байланысты болмақ.

Сайсымызды бастамас бұрын топтардың аты мен ұранымен таныс болайық.

Таныстыру:

1. Топтың аты: «Күншуақ»

Топтың ұраны: «Күндей болып күлеміз,

Шуақ шашып жүреміз».

Топтың аты: «Сұңқар»

Топтың ұраны: «Сұңқардай самғаймыз,

Жарыстан қалмаймыз»

- Жарайсындар батырлар ендігі кезекте біздіңбүгінгі ойын шарттарымен таныстырып өтейін.

Эстафеталық жарыстың шарттары:

1. «Кегли арасымен жүгіру».

2. «Доппен секіру».

3. «Шеңбер».

4. «Кеглилерді құлату».

Қортынды: Музыка ырғағында акробатика жасау. Шарты балалар музыка ырғағында жайқимылмен жаттығулар жасайды. Балалар біздің бүгінгі эстафеталық ойындарымыз сіздерге ұнадыма?

- Иә, ұнады.

Қортындысында жеңімпаз топты, және белсене қатысқан балаларда марапаттау.

Бітімін
10/17

«Балдырган» бөбекжай – балабақшасы

Мақал сөздің мәйегі

Өткізген: Досбергенова А.А

2023-2024

Мақал сөздің мәйегі

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларға мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды жатқа айтқызу арқылы терең ұғым жатқандығын ұғындыру. Жұмбақтарды шапшаң ойлап шеше білуге ынталандыру.

«Сөз мәйегі - мақал дегендей» ата бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге, сөздік қорын молайту. Сөз өнері арқылы балалардың дүниетанымын кеңейту. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Мақал-мәтелдер айту.

1. Ел іші – алтын бесік
2. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл
3. Күш білімде, білім – кітапта
4. Алтын алма, білім ал
5. Таңғы асты тастама
6. Нан бар жерде ән бар
7. Судың да сұрауы бар
8. Қалауын тапса қар жанар
9. Су ішкен құдығыңа түкірме!
10. Өз елім өлең төсегім
11. Тату үйдің тамағы тәтті
12. Сабыр түбі сары алтын

Әже: Балалар мақал-мәтелді жақсы біледі екенсіңдер ендеше жұмбақ шешіп көрейікші

1. Көк лағым көгенде жатып семіреді (қарбыз)
2. Бейбітшілік құсы деп,
Атайды оны барша жұрт (көгершін)

- 3.Дәмін татсаң тәтті ақ
Түсің көрсең аппақ (қант)
 - 4.Таңмен көзін ашады
Әлемге нұрын шашады (күн)
 - 5.Үш көзді батыр
Жолды аңдып жатыр (бағдаршам)
 - 6.Керек санды тересің
Елге сәлем бересің(телефон)
 - 7.Жіп-жіңішке денесі
Ортасында шегесі(қарындаш)
 - 8.Қалың киімді ұнатады
Шешіндірсең жылатады(жуа)
 - 9.Ашылып,жабылады
Әр үйден табылады(есік)
 - 10.Үсті тас, асты тас
Ортасында піскен ас(нан)
- Енді балалар жаңылтпаш айтып тілімізді жаттықтырайық.
- 1.Жаға жай,
Жағажайда – Қамажай
 - 2.Тақпақ жатта,
Жатқа жатта
 - 3.Қызым жүзім же,
Жүзім үзіп же
 - 4.Қыста құлағым үсіп кетті,
Үсіп, ісіп кетті

5.Дөп теп,

Дөп теп

6.Ошақта от жақ

Шоқ тап, от жақ

Жарайсындар балалар мақал-мәтелді жақсы айтып, жұмбақтарды дәл шештіңдер. Мақалды да жұмбақты да ұғып алды, келесі кездескенше Сау болыңыздар!

Балдырған
бөбекжайы

«Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

«Қыс қызығы» спорттық ойындар

2023-2024ж.ж

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Міндетті: Әр түрлі спорт түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру, ептіліктерімен, мергендік пен шапшаңдықтарын дамыту.

Құрметті ата -аналар бүгінгі «Қыс қызығы» атты спорттық ойынға қош келдіңіздер!

«Ақбота» және «Балапан» тобының әкелерін ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын

Жасқанып ешқашанда мойымайтын

Көңілді спортшылыр келді ортаға

Қол соғып қарсы алайық кәне халқым!

-Олай болса ойынымызды бастамас бұрын денемізді қыздырып алайық, дене қыздыру жаттығуларын жасайық

1-кезең «Кім жылдам»

Шарты: Кедергілерден жүгіріп өтіп биіктіктен секіру

2-кезең «Ептілерді анықта»

Шарты: Қойылған кедергілер арасымен ракеткадағы допты түсірмей межеге дейін барып кері қайту.

3-кезең «Көңілді секіртпелер»

Шарты: секіртпемен секіру

4- кезең «Кім көбірек жинайды»

Шарты: Доптарды ұяшықтарға салу.

5-кезең «Кім епті»

Шарты: Хоккей таяғымен допты домалату кедергілер арасымен жүріп өту

6-кезең «Шеңберден өт»

Шарты: Шеңберді денесімен өткізу

7-кезең «Сиқырлы таяқшалар»

Шарты: Гимнастикалық таяқшаларды аяқпен кедергілерге орналастыру.

8-кезең «Сақиналар»

Шарты: Гимнастикалық таяқшамен шеңберді ептілікпен қағып алу

Спорт -көркі өмірдің,

Спорт- досың серігің

Жаттықсаң шымыр боларсың

Шынығып өсіп толарсың,-демекші салауатты өмір салтын ұстанып,спортты серік етейік.